АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ ҮШАРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ УШАРАЛЬСКОГО ГОРОДСКОГО ОКРУГА АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

09.01.2026. | № 25.

Үшарал қаласы | город Ушарал

Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланумен беру, үлестіру және салқын сумен жабдықтау бойынша қызметтерін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланумен беру, үлестіру және салқын сумен жабдықтау бойынша қызметтерін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001845

Қарсы емес

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қалалық округі әкімдігінің әкімшілік ғимаратын орталықтандырылған суық сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану арқылы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында суық сумен жабдықтау қызметтерін уақтылы ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Аталған қызметтердің өмірлік маңызы бар екенін, сондай-ақ суық сумен жабдықтау қызметтерінің үздіксіз көрсетілмеуі санитариялық-гигиеналық талаптардың бұзылуына, қызметкерлер мен азаматтардың қалыпты жұмыс жағдайының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін екенін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану бұл жағдайда тиімсіз, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде әкімшілік ғимараттың ауыз сумен қамтамасыз етілуінде үзілістердің туындауына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес, орталықтандырылған суық сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану арқылы суық сумен жабдықтау қызметтерін (ауыз суға төлем) бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**